

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы
6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандығы бойынша
диссертациялық кеңесінің 2016 жылға арналған жұмысының
ЕСЕБІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жанындағы
6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандығы бойынша
Диссертациялық кеңесі Абай атындағы ҚазҰПУ ректорының № 01.05-74
бұйрығымен 2016 жылы сәуірдің 1 күні құрылып, төрағасы педагогика
ғылымдарының докторы, профессор Сманов Бактияр Өрісбайұлы белгілі.

Диссертациялық кеңеске

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті

6D011900 – Шет тілі: екі шет тілі.

6D011400 – Тарих

мамандықтары бойынша қорғату үшін диссертацияларды қабылдауға рұқсат
берілді.

Диссертациялық кеңестің құрамы 15 адамнан тұрады. Кеңес отырысына
себепсіз қалған кеңес мүшелері болған жоқ.

2016 жылы диссертациялық кеңеске ұсынылған диссертацияларды
қарастыру үшін 12 кеңес отырысы өтті.

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 7, 6D011800 –
Орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша 3, 6D011400 – Тарих
мамандығы бойынша 2 диссертация қорғалды.

9 диссертациялық жұмыс қазақ тілінде, 3 жұмыс орыс тілінде орындалған.
Қорғау барысында доценттер өздерінің сөздерін ана тілінде және орыс
тілінде слайдылар көрсету арқылы тұжырымдап отырды.

Қорғау мерзімі мен олардың саны диссертациялық кеңестің Ережелеріне
сай анықталғанына уақыттарда өтті:

1. Бетасова Жайдаркүл Тәуірбаевна – 01 шілде
2. Алдабергенова Мөлдір Кеңесбековна – 02 қараша
3. Дүйсенова Маржан Молдақасымовна – 02 қараша
4. Мұсаев Мұхтар Сейітханұлы – 30 қараша
5. Алдашева Қамар Сағынғалиевна – 28 желтоқсан
6. Мұхамеджанова Гүлмира Тастемировна – 28 желтоқсан
7. Мыңбаева Ақбілек Пазылхановна – 28 желтоқсан
8. Себепова Раушан Мұхамеджановна – 29 желтоқсан
9. Иманқұлова Меруерт Амантайқызы – 29 желтоқсан
10. Оңғарбаева Әлия Тынысовна – 29 желтоқсан
11. Сабирова Дина Алтаевна – 30 желтоқсан
12. Балтабаева Наргиза Смаиловна – 30 желтоқсан

Диссертациялық жұмыстардың тақырыптары көрсетілген мамандықтардың дамыту бағыттарымен, ресиубликадағы білім беру жүйесінің ұлттық мемлекеттік бағдарламасының дамуымен сәйкес келеді және ирактикалық бағыттылығы бар.

1. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Беласарова Жайдаркүл Тәуірбаевнаның диссертациясының тақырыбы «М.Томанов еңбектеріндегі қазақ тілі тарихи грамматикасының теориялық мәселелері және оқыту жолдары».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық иедагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Педагогика ғылымдарының докторы, ирофессор – Балтабаева Жаңалық Қылышқызы.

PhD доктор, ирофессор Ибраһим Дилек /Ibrahim Dilek (Турция, Анкара).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі** болашақ филолог-мамандарға ғалым еңбектерін арнайы ұсыну арқылы олардың танымын кеңейтуге, өз тілінің тарихи даму жүйесін бағамдауына мүмкіндік береді. Ең маңыздысы мұндай білім жүйесі болашақ маманның рухани әлемін байытып, өз иәнінің ұлт болашағын тәрбиелеудегі рөлін түсінуіне ықпал етеді, «Мәңгілік елдің мәңгілік тіліне» қызмет ету жолындағы кәсіби жауаикершілігін күшейтеді.

Зерттеушілік жұмыстың жаңалығында

- ирофессор М. Томановтың түркітану мен қазақ тіл біліміндегі түбір теориясы мен оның қалыптасу және даму заңдылықтары туралы ғылыми тұжырымдары алғаш рет арнайы зерттеу нысанына алынып, жүйеленді, қазақ тілі тарихи грамматикасының дамуындағы ғалымның теориялық тұжырымдарының мәні анықталды;
- тіл тарихын кезеңге бөлу мен қазақ тілінің тарихи дамуын жүйелеудегі, қазақ тілінің тарихи фонетикасы мен тарихи морфологиясына қатысты зерттеулерінің ғылыми маңызы сараланды, сөз дамуындағы негізгі заңдылықтарды анықтауы теориялық үлкен жетістік ретінде танытылды;
- жоғары білім жүйесінде оқытылатын қазақ тілінің тарихи грамматикасының білім мазмұнын ирофессор М.Томанов тұжырымдарымен толықтырудың жолдары сараланды, қосымша оқу иәнінің мазмұндық-құрылымдық жүйесі анықталып, оқу бағдарламасы түзілді;
- М. Томановтың қазақ тілі тарихында жасаған түбірлі өзгерістерге тірек болған жаңа көзқарастарын оқытудың философиялық, иедагогикалық және исихологиялық негіздері айқындалды;
- М. Томановтың ғылыми мұраларын оқытудың талаптары мен қағидалары анықталды;

- қазақ тілінің тарихи грамматикасын М. Томанов еңбектері негізінде оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі ұсынылып, олардың тиімділігі дәйектелді.

Зерттеудің **практикалық маңызы**. М.Томановтың қазақ тілінің тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерін терең қарастыру арқылы қазақ тілінің тарихи даму ерекшелігін болашақта зерделеудің басты тұжырымдамалық бағыттарын анықтаумен дәйектеуге болады. Диссертациялық жұмыста алынған жекелеген нәтижелер қазақ тіл білімі тарихының негізгі мәселелерін шешуде өзіндік деңгейде үлес қоса алатындығы сөзсіз. Қазіргі қазақ тілінің даму жолдарын иайымдау үшін, диахрондық бағытта жүргізілген мұндай ғылыми зерттеулер қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, лексикология, стилистика салаларынан ғылыми еңбектер, әдістемелік құралдар жазуда сеітігін тигізеді.

2. 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша Алдабергенова Мөлдір Кеңесбековнаның диссертациясының тақырыбы «Ортағасырлық Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамыту (Оңтүстік Қазақстан қалалары материалдары бойынша)».

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Тарих ғылымдарының докторы, доцент – Хазретәлі Маханұлы Тұрсын.

Педагогика ғылымдарының докторы, ирофессор – Камалбек Мейірбекович Беркімбаев.

Тарих ғылымдарының докторы, ирофессор – Доно Хамидовна Зияева
Өзбекстан Ресиубликасы Ғылым Академиясы Тарих институты (Ташкент қаласы)

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлауда ортағасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын жетілдірудің маңызы зор екендігін ескеретін болсақ, оқыту үдерісінде оларды қандай әдіс-тәсілдермен жетілдіру тиімділігін айқындау маңызды қажеттіліктердің бірі болды. Сондықтан, тарихи деректерді зерделеи, қарқынды әрі тиімді иайдалануға байланысты болашақ тарих мұғалімдерін даярлау жүйесінде ортағасырдағы Қазақстан тарихын оқытудың қолданбалы бағдарлылығын дамыту мүмкіндіктері және оларды қолданудың қажеттілігі мен әдістемелік қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтың бар екендігі байқалды. Болашақ тарих мұғалімдерін дайындау жүйесінде орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалы бағдарлылығын дамытудың теориясы мен методологиясын негіздеи, ғылыми тұрғыда әдістемесін жүйелеу аталған қарама-қайшылықты жою қажеттілігі және сол бойынша иедагогикалық зерттеулердің жеткіліксіздігі таңдаи алған тақырыптың өзекті екендігін көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми **жаңалықтары:** Зерттеу барысында мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

– Орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуда тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіснамалық негіздерін орнықтыруға қатысты тұжырымдар жасалды. Бұл тұжырымдарды басқа кәсіби иәндердің оқыту әдіс-тәсілдерін жаңалауда қолдануға болады.

– Жазба және археологиялық деректердің оқу-тәрбие үдерісінде тарихи білім беру мен тарихи сана қалыптастырудағы қолданбалық бағдарлылық сииаты мен атқаратын қызметтері жіктеліі, жүйеленді;

– Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы деректерінің қолданбалық бағдарлылығының негізгі бағыттары мен иедагогикалық әлеуеті айқындалды;

– Тарихшы мұғалімдер дайындау үдерісінде орта ғасырлар тарихы курсының мазмұнындағы тарихи деректердің қолданбалық бағдарлылығын дамытудың әдіс-тәсілдері негізделді;

– Тарихи деректердің қолданбалы бағдарлылығын іске асырудың тиімді және көрнекі түрі ретінде мұражай иедагогикасына негізделген орта ғасырдағы Қазақстан тарихын оқытуға байланысты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің **практикалық маңызы.** Зерттеу нәтижелері ирактикалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аииаратқа сәйкестілігімен, зерттеу мақсатына, міндеттеріне, нысанына, иәніне сәйкес кешенді әдістердің қолданылуымен, теориялық тұжырымдар мен қол жеткен нәтижелердің болашақ тарих мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарының тарих мамандғы студенттерінің оқу-тәрбие үдерісінде қолданылуымен қамтамасыз етіледі.

3. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Дүйсенова Маржан Молдақасымовнаның диссертациясының тақырыбы «Сөз тіркестерін оқытуда қатысымдық құзыреттілікті қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері (бастауыш сыныи материалдары бойынша)».

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Педагогика ғылымдарының докторы, ирофессор – Молдабек Құлахмет.

Доктор, ирофессор Гурер Гулсевин (Түркия, Измир).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі.** Оқушының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру – білім беру жүйесінің жаңа талабымен үйлесетін тетіктің бірі ғана емес, бірегейі. Бастауыш сыныи оқушыларының білімді мәдениеттің бір бөлшегі ретінде игеруі, сол арқылы тыңдау, сөйлеу, иікірлесу, оқу, жазу сауаттылығының мәнін саналы түрде түсінуі оның қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың алғышарты болыи саналады. Сол себеиті бастауыш мектеите қазақ тілін әлеуметтік сұранысқа орай оқыту үдерісінде оқушылардың сөз тіркесіне қатысты тілдік және

қатысымдық құзыреттіліктерін бірге қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Зерттеудің ғылыми **жаңалығы**:

- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалды;
- жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігінің құраушы компоненттері анықталып, бұл құзыреттіліктің тұлға қалыптастырудағы мәні айқындалды;
- сөз тіркесін оқыту үдерісінде бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалды;
- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған сөйлесім әрекетінің кешенді тапсырмалар жүйесі әзірленді;
- сөз тіркесін оқытуда бастауыш мектеп оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері мен оқыту технологиялары сараланды, жаттығулар мен мәтіндер жүйесі жасалды.
- сөз тіркесін оқыту үдерісінде қатысымдық құзыреттіліктері қалыптасқан бастауыш сынып оқушысының тілдік-тұлғалық моделі жасалды.

Зерттеудің **теориялық маңызы**: Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруға байланысты алынған тұжырымдар мен қорытындылар қазақ тілін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, сонымен қатар сабақта жаңа инновациялық технологияларды қолданудың қағидаларын айқындауға бағыт береді. Оқушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінде белгіленген ұстанымдар бастауыш мектепте қазақ тілінің тұлғалық-әрекеттік сипатын дамытуға негіз әсер етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін бастауыш мектеп мұғалімі мамандарын дайындайтын орта арнаулы және жоғары оқу орындарындағы қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің білім мазмұнын жетілдіруде пайдалануға болады.

Зерттеудің **практикалық маңызы**. Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Сондықтан зерттеу жұмысындағы нәтижелерді жалып орта білім беретін мектептің бастауыш сыныбында жұмыста ұсынылған тапсырмалар мен жаттығуларды, сабақ үлгілерін мектеп мұғалімдерінің күнделікті оқыту процесінде пайдалану арқылы «Қазақ тілі» пәнін оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік кеңейтіледі. Берілген әдіс-тәсілдер мен оқыту технологияларын мұғалімдер білімін жетілдіру институттарында оқылатын бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемесі бойынша арнайы курстарда, шеберлік сыныптарында қолдануға болады.

4. 6D011400 – Тарих мамандығы бойынша Исаев Мұхтар Сейітханұлының диссертациясының тақырыбы «Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесі».

Диссертациялық жұмыс Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак - түрік университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Тарих ғылымдарының докторы, доцент – Хазретәлі Маханұлы Тұрсын.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Камалбек Мейірбекович Беркімбаев.

Философия докторы (PhD), профессор Ташағыл Ахмет (Түркия Ресубликасы, Стамбул қаласы).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Болашақ жастарды «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде оқыту және оларды құндылықтарға баулу тарих мұғалімдерінен құндылықтар бойынша білімі терең болуын, иедагогикалық іскерліктерді жүзеге асыруға әдістемелік дайындығын талаи етеді. Бұл өз кезегінде болашақ тарих мұғалімдерінің иедагогикалық іскерліктерін, әдістемелік даярлығын қалыптастыруды зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі. Мемлекеттік бағдарламаға айналып үлгерген «Мәңгілік Ел» идеясын теориялық тұрғыда негіздеу және оны оқу-тәрбие үдерісіне енгізу арқылы қоғамдық-саяси өмірдегі күнделікті ирактикаға айналдыру бағытында зерттеу жұмыстары шұғыл қолға алынды. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға кәсіби даярлау жүйесін теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан кешенді қамтамасыз ету деи нақтылауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің ғылыми **жаналығы** мыналармен айқындалады:

1. Болашақ тарих мұғалімдеріне «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқыту және оны оқытуға ЖОО кәсіби базалық, әдістемелік иәндердің мүмкіндіктері анықталды;

2. Мектептегі Қазақстан тарихы иәні мен оны оқытудағы иедагогикалық үдеріс мазмұны тұрғысынан «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлаудың теориялық негіздері айқындалды;

3. ЖОО иедагогикалық жүйе тұрғысынан және моделдеуді жүзеге асыру бойынша болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлаудың иедагогикалық шарттары анықталды;

4. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау әдістемесі иедагогикалық іскерліктерді қалыптастыру тұрғысынан негізделді;

5. Болашақ тарих мұғалімдерін «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлау әдістемесінің тиімділігі тәжірибелік-әксиеримент жүзінде тексерістен өткізілді.

Зерттеудің **теориялық мәнділігі**. Тарих сабақтарында оқушыларға «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқу материалдарын оқытуға байланысты алынған тұжырымдар мен қорытындылар тарих иәнін оқыту әдістемесін теориялық тұрғыдан толықтырады, сабақты жетілдіруге байланысты ұсынған технологиялық карта тарих иәнін оқытуды технологияландыруды дәйектейді. Болашақ тарих мұғалімдерін даярлау

әдістемесінде белгіленген ұстанымдар «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға даярлауды жетілдіруге игі әсер етеді. Зерттеудің теориялық нәтижелерін Қазақстан тарихын оқытуда «Мәңгілік Ел» құндылықтары бойынша оқытуды жетілдіруде және болашақ тарих мұғалімдерін даярлау үдерісінде иайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының **практикалық маңызы**.

- «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға болашақ тарих мұғалімдерін даярлау бағдары» тақырыбында семинар ұйымдастырылды;

- Болашақ тарих мұғалімдеріне арналған «Мәңгілік Ел» құндылықтарын оқытуға бағдарлы даярлау» атты оқу-әдістемелік құралы оқу үрдісіне енгізілді;

- «Қазақстан Ресубликасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы және түркілік ислам өркениетінің құндылықтары: Қара бура әулиенің тағлымы мен өнегесі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция» ұйымдастырылды (2-3 маусым 2016 жыл, Түркістан қаласы).

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында болашақ тарих мұғалімдерін кәсіби дайындау үдерісінде, олардың кәсіби біліктілігін жетілдіруде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіретін институттарда қолдану иайдалы.

5. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Алдашева Камар Сагинғалиевнаның диссертациясының тақырыбы «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер: кодификация үдерістері және олардың лингводидактикалық негіздері».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық иедагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық иедагогикалық университетінің ирофессоры – Шаханова Розалинда Әшірбайқызы.

PhDдоктор, Гази университетінің доценті – Мехмет Ариф Өзербаш (Анкара, Түркия).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Қазақ әдеби тілінің қазіргі лексикалық құрамында көрініс тауып отырған, заманауи актив лексикаға айналған лексикалық жаналықтардың – неологизмдердің қалыптануы мен нормалану үдерістерін зерделеу айрықша маңызды. Өйткені қандайда болмасын лексикалық жаналық бірқатар екшеулерден, сараитаулардан өтеді, жаңа сөз әдеби норма деи танылуы үшін қалыптану үдерістері жүргізіледі. Жаңа сөз дисиозитивті және имиеративті норма ретінде танылуы үшін ол қоғам мүшелерінің коммуникативтік актісіне түсуі керек. Қоғам мүшесі жаңа сөзді линговмәдени, коммуникативтік қажеттілік деи таныған және мойындаған жағдайда жаңа сөз қалыптанған болып есеителеді және нормаға айналады. Сондықтан жаңа сөз қоғам мүшесінің лексиконына айналу үшін ең

бастысы – жалпы орта білім беру жүйесінде неологизмдерді меңгерудің лингвопдактикалық алғышарттарын орнықтыру керек.

Зерттеушілік жұмыстың жаңалығы

- тіл лексикасы жүйесіндегі жаңа сөздердің қалыптануы мен нормалануының ғылыми бағыттары анықталған;
- кодификация мен норма түсініктері және олардың верификациясы;
- жаңа сөздер қазақ ұлтының ұлттық-мәдени болмысының белгісі ретінде танылып, неологизмдердің қазақ тілтанымының парадигмасына қатысы толық талданған;
- жаңа сөздердің түрік тілінде, басқа да түркі тілдерінде және шетел тілдеріндегі нормалану сипаты жан-жақты зерделенген;
- жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгерудің, оқытып-үйретудің, жаңа сөз мектеп оқушысының коммуникативті актісінде қолдануының жолдары көрсетілген;
- жаңа сөздерді меңгерудің ұлттық философиялық негіздері, мектеп оқушысының жас ерекшеліктеріне қарай олардың менталды лексиконында репрезентациялану үдерістері талданған;
- тілдік тұлға ретінде оқушының лингвомәдени құзыреттілігін және оқу уәждемесін қалыптастырудағы жаңа сөздердің рөлі көрсетілген;
- жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді оқытып-үйретудің лингвопдактикалық алғышарттары – оқу бағдарламасы, тапсырмалар жүйесі, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың әдістері мен жолдары берілген.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы

Зерттеу түркологияда және қазақ тіл білімінде семаспология, лексикология, сөз мәдениеті, әлеуметтік лингвистика салалары бойынша ғылыми тұжырымдарды елеулі дәрежеде толықтырады, қазақ тіл білімінде және басқа да түркі тілдерінде (түрік, әзірбайжан, өзбек, қырғыз және т.б.) енді қалыптаса бастаған жаңа тармақтар – неология мен неография салаларының дамуы мен қалыптасуына жан-жақты, кешенді ғылыми негіздемелер бере алады. Жұмыста жасалған ғылыми қорытындылар мен практикалық ұсыныстар жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгерудің әдіс-тәсілдерін жинақтап ұсыну, оқытып-үйрету үшін жаңа технологиялық әдістердің тиімділігін талдау жағынан жоғары практикалық маңызға ие деп бағаланады.

6. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Мухамеджанова Гульмира Тастемировичаның диссертациясының тақырыбы «Қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвомәдени сипаты және оларды оқыту әдістемесі».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Филология ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі академиясының профессоры – Алдаш Айманкүл Мырзалықызы.

Педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті – Рахметова Райгүл Сәдуақасқызы.

PhD доктор, Гази университетінің доценті – Ұйжел Кайабашы.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Көріктеуіш тілдік құралдар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер ұлттың менталдық ерекшеліктерін көрсетіп, салты мен дәстүрінен, мәдениетінен хабардар етеді. Қазіргі кезде туған тілдің бүгінгі жағдайы мен болашағына қатысты көптеген мәселелердің қатарында мектеп оқушыларының сөйлеу тілінде әдеби тіл нормаларын сақтамау, тілдің көріктеуіш құралдарын орнымен қолдана білмеу, синонимдік қорының жұтаңдығы, сөйлеудің көбіне штампқа құрылуы және т.б. қателер тән болып келеді. Мұндай айтылған қателерді болдырмау үшін, оқушылардың сөз мәдениетін дамыту қажет. Өзектілігі жоғары болып табылатын бұндай мәселелер қазіргі таңда күн тәртібінде тұр. Сол себепті орта білім беру жүйесіне көріктеуіш тілдік құралдарды оқытуды енгізу, оның әдістемесін жетілдіріп, келешек жеткіншектердің зердесіне құю диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Зерттеушілік жұмыстың жаңалығы

көріктеуіш тілдік құралдар – жеке адамның, және тұтастай алғанда, нақты бір ұлттың әлемнің тілдік бейнесін бейнелейтін, ұлттық менталитеттің ерекшеліктерін көрсететін, ұлттық тілге тән эталон-үлгілерді, символ-нышандарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін ірі тілдік құбылыс екендігі анықталған;

– қазақ тіліндегі көріктеуіш тілдік құралдардың лингвистикалық категория ретінде теориялық және әдістемелік негіздері жасалған;

– публицистика, тарихи шығармаларда кездесетін көріктеуіш құралдардың лингвомәдени ерекшеліктері анықталды;

– орта білім бері жүйесінде көріктеуіш тілдік құралдарды оқыту әдістемесі жасалды;

– 11-сыныпқа арналған «Қазақ тілінің көріктеуіш құралдары» тандау пәнінің бағдарламасы дайындалған;

– жоғары сынып оқушыларының құзыреттіліктерін қалыптастыратын жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ұсынылған.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.

Теориялық шектес ғылымдар тоғысуынан пайда болған бағыттың теориялық негізіне талдау жасалған. Көріктеуіш құралдардың анықтамасын бір жүйеге келтірген. Диссертациялық жұмыста осы проблемаға қатысты жетекші ғалымдардың еңбектері сараланып, көріктеуіш құралдардың лингвомәдени ерекшеліктері талданған. Көріктеуіш құралдардың пайдаланылу ерекшеліктерін, сондай-ақ көріктеуіш құралдардың түрлерін саралаған.

Зерттеу барысында беріліп отырған теориялық және әдістемелік әзірлемелерді жалпы білім беретін мектептерде, болашақ мамандар үшін жоғары оқу орындары, педагогикалық колледждер тәжірпбелерінде пайдалануға болады.

7. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Мыңбаева Ақбілек Пазылхановнаның диссертациясының тақырыбы «Филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастыру (ЖОО-нан кейінгі білім беру жүйесінде)»

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры – Шаханова Розалинда Әшірбайқызы.

PhD доктор, Гази университетінің доценті – Бекир Булуч (Анкара, Түркия).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Мәдени-тілдік құзыреттілік адамның өмірге деген көзқарасы мен белсенділігін арттырады, оның кәсіп қызметі мен әр алуан әлеуметтік салаларды бағдарлайтын қабілетін анықтайды, сонымен бірге оның әлеуметтік санасы мен ішкі әлемін үйлесімділікке жетелейді. Мәдени-тілдік құзыреттілікті қалыптастыруда магистранттардың тұлғалық өсуіне және барлық оқу үдерістерінің тиімді болуына оң әсері әбден мүмкін. Сол себепті магистранттардың тұлғалық өсуін айқындайтын әрі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде оқу үдерістерін өркендетуге ықпал жасай алатын мәдени-тілдік құзыреттілігін көп қырлы тұлғалық сапасында қалыптастырудың мәні бпiк. Отандық білім беру саласында ұлттық құндылықтардың бірі ғана емес, бірегейі – ана тілімізді өркендету мақсатында жоғарыдан кейінгі білім беру деңгейінде болашақ филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Зерттеушілік жұмыстың жаналығы:

- жоғарыдан кейінгі білім беру үдерісінде магпстранттың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-әдіснамалық негіздері анықталып, мәдени-тілдік құзыреттілік компоненттері айқындалды;
- филолог-маманның мәдени-тілдік құзыреттілігін мәтін арқылы қалыптастырудың дүниетанымдық, тұлғалық-әлеуеттік аспектілері нақтыланды;
- мәтін арқылы филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі жасалды;
- филолог-мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда мәтіндерді пайдалану мүмкіндіктері мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданудың тиімді әдістемесі ұсынылды;
- ұсынылған әдістеменің тиімділігі эксперимент арқылы дәйектелді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы.

Диссертацияның басты тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, этнолингвистика, семантика, стилистика, тіл мәдениеті салаларын ғылыми тұрғыдан толықтырады. Зерттеу матерпалдары мен теориялық қорытындылары тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеудің өзара қарым-қатынасын терең түсінуге, мәтін арқылы мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастырудың ЖОО-дан кейінгі білім беру үдерісінде жоғары дәрежеде үлес қосады. Зерттеу жұмысының нәтижелерінің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Жоғары оқу орындарында магистранттардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі жасалып, практикаға енгізілді. «Көркем мәтін: лингвомәдени және концептуалды талдау» атты қосымша оқу пәні бағдарламасы жасалды. Зерттеу нәтижелерін болашақ мамандардың мәдени-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үдерісінде, сондай-ақ мамандардың біліктілігін жетілдіру институттарында қолдануға болады.

8. Диссертация Себеловой Раушан Мухамеджановны на тему: «Научные основы теории и технологии усвоения оценочной лексики на занятиях по русскому языку» по специальности 6D011800-Русский язык и литература.

Диссертация выполнена в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. Язык защиты – русский.

Научные консультанты:

Кондубаева Марпям Рамазановна – доктор педагогических наук, профессор КазНПУ имени Абая.

Тпrado Рафаэль Гусман – доктор филологических наук, профессор Гранадского университета (Испания).

Актуальность темы диссертации ориентировано на изучение характера существующих в научной лингвистической литературе представлений об оценочных средствах русского языка и их функционировании в речи. Изучение лексики с компонентом оценки дает новую информацию об этнических особенностях восприятия окружающей действительности. Система оценочных наименований национально специфична в той степени, в которой специфичны национальная культурная символика, религиозное мироощущение, национальная система ценностей, принципы организации общества и государства. Усваивая лексическую систему и знакомясь с текстами, содержащими оценочный компонент в значении слова, авторитетными в среде носителей языка, человек «наследует» традиционные представления о мире, формирующие его национальную идентичность. Оценка является чрезвычайно значимым прагматическим сигналом, который во многом организует структуру речевого акта. Оценивание – важнейший компонент когнитивных процессов, во многих случаях именно оценочная квалификация завершает познание новой реалии действительности и включение ее в сферу жизненных интересов человека.

Научная новизна проведенного исследования определяется тем, что в нем впервые:

- описываются философские, лингвистические, психологические основы усвоения ОЛСЕ студентами-казахами, когда предлагается отобранный лексический минимум;
- разработана методическая система формирования профессионально-коммуникативной компетенции, включающая теорию и практику самообучения в системе самостоятельных заданий;
- внедрена технология обучения (КИТО) для формирования профессионально-коммуникативной компетенции на занятиях по курсу русского языка для будущих двуязычных учителей с использованием современных информационных технологий: интернет-ресурсов, компьютерных программ со слайдами, тестами, моделями, электронных пособий и мультимедийных программ.

Теоретическая значимость исследования заключается в следующем: Разработанные в ходе исследования принципы и методы обучения русскому как второму способствуют более глубокому пониманию возможностей использования лексики с оценочным компонентом значения для воздействия на носителей языка с целью формирования профессионально-коммуникативной компетенции.

Практическая значимость работы определяется возможностью использования результатов исследования в практике вузовского преподавания дисциплины «Практический курс русского языка» или «Русский язык», студентам, обучающимся на государственном языке, при чтении курса «Культура русской речи».

Предложенные принципы и способы описания лексики с оценочным компонентом значения могут лечь в основу создания различных типов учебных словарей оценочно маркированной лексики русского языка (толковых, семантических, идеографических), а также словаря лексики с оценочным компонентом значения.

9. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Иманқұлова Меруерт Амантайқызының диссертациясының тақырыбы «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)».

Диссертациялық жұмыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Қосымова Гүлбану Сейілбекқызы

Педагогика ғылымдарының докторы, доцент – Дәулетбекова Жанат Тұрарбекқызы.

Доктор, профессор Хенрик Янковски / Henryk Jankowski (Польша, Познань).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының еңбектері қазіргі қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани өміріндегі құндылықтарды жаңаша көзқараспен талдауға, танымдық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тіл біліміне қосқан баға жетпес зерттеулеріндегі ұлттану, әлеуметтану, елтану мәселелерін қазіргі мәдени-рухани өмірімізбен ұштастыра отырып, тілдік көрсеткіштер арқылы зерделеп, менгеру ұлт тарихын терең білуге үйретеді; ұлт зиялыларының көкейтесті пікір-көзқарастарын бүгінгі қоғаммен сабақтастыра талдауға мүмкіндік береді. Зерттеушілердің ұлтқа, қоғамға, дүниетанымға қатысты ой-пікірлерін, көзқарастарын талдау арқылы таным теориясының тіл біліміндегі ғылыми жүйесін қалыптастыруға болады. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың ғылым мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін ғылыми мәнін жоймаған, ғылыми-теориялық, танымдық көзқарастары мен пікірлері қазіргі қазақ тіл білімінің көкейтесті мәселелерімен байланысты жаңа еңбектерге методологиялық негіз болатын дүние. Ғалымдардың тілдің танымдық қырын ашатын пікірлері, тіл арқылы ұлттық құндылықтарды тануға ықпал ететін көзқарастары мен тұжырымдары – түрлі ілім салаларын тоғыстыратын, таным теориясының қалыптасу тарихы мен даму кезеңдерін, басты ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды түйіндер.

Зерттеудің ғылыми **жаңалығы**:

- Таным мәселесі философия, психология, тіл білімі аясында зерделеніп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми-методологиялық, әдістемелік негіздері дәйектелді.
- Қазақ тілі табиғатының сырына терең үңілген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінің негізінде таным мәселесінің лингвистикалық, педагогикалық негіздері сипатталды;
- Ғалымдар еңбектері бойынша тіл біліміндегі таным теориясының басты ұғымдары мен ұстанымдары айқындалды;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектері негізінде тіл мен таным мәселесі сабақтастырылып, таным теориясы психоллингвистика ғылымы аясында түсіндірілді;
- Көрнекті тілшілердің таным теориясына қатысты пікір-көзқарастары, тұжырымдары жүйеленіп, бүгінгі ғылым талабы мен бағыт-бағдары тұрғысынан талданды. Әр ғалымның еңбектеріндегі ерекшеліктер көрсетіліп, олардың қазіргі маңызы дәлелденді;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын оқытудың тиімді әдістемесі ұсынылды, кешенді жұмыс түрлері белгіленіп, эксперимент нәтижесі анықталды;
- жоғары оқу орнында таным теориясын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде оқытудың бағдарламасы жасалды;
- Ғалымдардың еңбектеріне сәйкес таным теориясын игертуде қолданылатын жаңашыл технологиялар сарапталып, іс жүзіне асырылды;

- Тілшілердің еңбектерінде сөз болған таным мәселесінің өміршең түйін-пікірлерінің бүгінгі білім беру үрдісіндегі ұтымдылығы, жаңашылдығы, қажеттілігі дәйектелді.

Жұмыстың теориялық маңызы.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың лингвистикалық мұралары негізінде жасалған зерттеудің нәтижелері таным мәселесінің ғылыми-теориялық тұжырымдарының дәйектелуіне ықпал етеді; қазақ тілінің танымдық аспектілерін, басты ұғымдарын, терминдік өрісін жүйелеуге және дамытуға үлес қосады. Тіл арқылы адам факторын сипаттайтын тіл біліміндегі таным теориясының ұстанымдары мен тұжырымдарын теориялық тұрғыдан меңгеруге, түсінуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы

Зерттеу бойынша жасалған тұжырымдарды, ғылыми-практикалық пікір-көзқарастарды жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы курстарымен, қазіргі қазақ тілін оқытумен, когнитивтік лингвистикамен байланыстырып, психолінгвистика, лингвомәдениеттаным, әлеуметтік лингвистика бойынша оқылатын дәрістерде, элективті сабақтарда пайдалануға болады. Ғалымдардың таным мәселесіне арналған зерттеулерін оқытуға бағытталған модельді, сабақ үлгілерін, бағдарламаны оқу-әдістемелік кешендер әзірлеуде, оқу құралдарын даярлауда қолдануға болады.

10. Диссертация Онгарбаевой Алпп Тынысовны на тему: «Клишированные формулы в обучении общению при формировании языковой личности студентов-финансистов» по специальности 6D011800-Русский язык и литература.

Диссертация выполнена в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. Язык защиты – русский.

Научные консультанты:

Кондубаева Марпям Рамазановна – доктор педагогических наук, профессор КазНПУ имени Абая.

Кенан Коч / Kenan Koc – доктор PhD (Турция, Мугла).

Актуальность темы диссертации. Клишированные формулы позволяют обеспечивать точность употребления терминов всех изучаемых языков. Кроме того, они выполняют ряд функций - использование этих выражений позволяет экономить мыслительную энергию, способствуют быстрому и точному составлению разного рода документов, облегчают общение, поэтому являются нейтрально-нормативными явлениями в профессиональной речи. В связи с чем лингвисты считают, что клишированные формулы способствуют скорости передачи информации.

Научная новизна исследования:

- отобран тематический минимум профессиональных и социокультурных

текстов, материал которых использовался для реализации ситуативных и активных методов профессиональной коммуникации;

- отобран и использован в системе заданий и упражнений трехязычный терминологический минимум (360 слов), обеспечивающий реализацию профессионально-коммуникативного принципа;

- разработаны модели трехязычной личности и личности будущего финансиста и модель координации содержания обучения трем языкам;

- адаптированы к исследуемой теме и экспериментально проверены и современные инновационные технологии: дистанционные, интернет-технологии (ВЕБ технологии), профессионально-ориентированная интегральная технология обучения профессиональному русскому языку студентов - финансистов;

- определены лингвистическая специфика экономических терминов как лексико-синтаксических единиц и факторы, затрудняющие их усвоение обучающимися.

Теоретическая значимость исследования заключается в том, что:

- осуществлена идея моделирования системного применения современных инновационных технологий и методов обучения на базе профессионально-ориентированного учебного материала;

- выявлены лексико-семантические особенности экономической терминологии как особого пласта лексических систем в русском, казахском и английском языках.

- определена методология исследования в теории и технологии языкового образования как коммуникативно-когнитивная в сочетании с современными принципами подготовки специалистов с высшим образованием (компетентностным, информационным);

- уточнены и адаптированы к современным условиям подготовки экономистов с высшим образованием методы исследования, прежде всего критического анализа и обобщения научных фактов, моделирования и педагогического эксперимента с использованием информационно-коммуникативных технологий (компьютерных программ, электронных пособий и интернет-ресурсов);

- обоснована система самостоятельных заданий по расширению словаря студентов с учетом будущей профессиональной деятельности обучающихся.

Практическая значимость исследования состоит в отборе, организации терминологического материала на основе клишированных формул и определении его места в системе курса практических занятий, разработке эффективных приемов предупреждения отклонений в употреблении терминологических единиц студентами-биплингами. Материалы и результаты исследования могут быть использованы в целях совершенствования учебных программ, учебников, а также преподавателями-практиками, ведущими практический курс русского языка в неязыковых вузах.

11. Диссертация Сабировой Дины Алтаевны на тему: «Художественный мир семьи в литературе Казахстана: типология и методика изучения» по специальности 6D011800 – Русский язык и литература.

Диссертация выполнена в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. Язык защиты – русский.

Научные консультанты:

Абпшева Сауле Джунусовна – доктор филологических наук, профессор
Жумажанова Токен Конысбаевна – доктор педагогических наук, профессор
Нефагина Галина Львовна – доктор филологических наук, профессор
Поморской академии в Слупске (Польша)

Актуальность диссертационного исследования обусловлена историко-культурным значением темы семьи в казахстанской литературе и ее связью в художественном мире произведения с этическими проблемами современного общества и самосознания личности. Сегодня особенно остро стоит вопрос научного осмысления художественных достижений казахстанских прозаиков, обратившихся к этой теме. Исторически обусловленная смена представлений о семье, отразившаяся в литературном процессе, требует изучения вопросов типологии авторских моделей и методики изучения художественного мира семьи. Научное исследование художественного мира семьи, являясь первым этапом постижения, откроет новые пути и формы педагогического осмысления проблемы семьи. Прпоритетной задачей диссертации является соединение теории литературы с методикой путей изучения проблемы и внедрения ее в учебный процесс. Открытия, сделанные в области «литературной семьи», станут серьезным шагом в постижении и решении проблем современной казахстанской семьи.

Новзна работы заключается в спстемном научно-теоретическом исследовании художественного мира семьи в совокупности с методикой изучения и представления этой темы как самостоятельного явления на занятиях в школе и в вузе. Недостаточная разработанность проблемы мира семьи в литературе Казахстана как целостного явления требует ее разностороннего пследования, в частности она заключается в попытке рассмотрения концепции семьи через выявление типологических особенностей в ее изображении. Обращение к семейной проблематике в современной литературе Казахстана предполагает не только выстраивание типологических моделей в художественной системе, но и выяснение ее места в системе педагогических наук. В сплу этого важным является определение фактора взаимообусловленности и взаимовлпяния двух гуманитарных наук. Диссертация является первым монографическим исследованием мира семьи в литературе Казахстана с точки зрения моральных, нравственных и духовных составляющих жизни человека. Привлечение изысканий в области смежных гуманитарных наук (философия, культурология, психология и педагогика) позволит расширить диапазон исследования и более

аргументировано подойти к пониманию и созданию общего представления о мире семьи в творчестве казахстанских писателей.

Теоретическая значимость исследования заключается в следующем:

В работе проведено обоснование понятия «художественный мир» как методологического аппарата изучения современной литературы Казахстана, что позволило выявить жанрово-родовую типологию произведений русскоязычной литературы Казахстана периода Независимости и новейшей литературы Казахстана. В диссертации создана типология художественного мира семьи в русскоязычной литературе Казахстана. Выявлено три типа произведений, изображающих различные варианты семейных отношений: Идеальный тип семейных отношений; Попски семейного счастья; Трансформация семейных устоев.

Основную **научно-практическую значимость** исследование имеет в ходе его реализации в хостинговом пространстве под авторским доменом «мир-семьи.kz» и создание сайта «Мир семьи в литературе Казахстана». Это дает возможность использования теоретических положений, конкретного материала в виде разработанных уроков, УМКД и свободного доступа к текстам исследованных писателей. Выводы научного исследования позволяют учителям-словесникам обновить вариативный материал, усилить региональный компонент при изучении литературы и ввести в воспитательный оборот произведения современных писателей Казахстана. Материалы исследования могут быть использованы при обучении и воспитании в общеобразовательных школах, преподавателями вузов на лекционных и семинарских занятиях, при разработке учебных и методических пособий и рекомендаций, составлении программ, создании хрестоматий, при написании студентами курсовых и дипломных проектов.

12. 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Балтабаева Наргиза Смаиловнаның диссертациясының тақырыбы «Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық-дәстүрлік ұстанымдары».

Диссертациялық жұмыс Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде орындалған. Қорғау тілі – мемлекеттік тіл.

Ғылыми кеңесшілері:

Филология ғылымдарының докторы, профессор м.а. – Зайкенова Руда Зайкеновна

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор – Сманов Бақтияр Өрісбайұлы

PhD доктор – Кенан Коч/Kenan Koc (Түркия, Мугла).

Зерттеу тақырыбының **өзектілігі**. Роман-эссе жанрын қазіргі әдебиеттің арқауында қарастыру – қазақ әдебиеттануында қолға алынбаған тың мәселе. Ұлттық әдебиетіміздегі роман-эссенің алғашқы негізін айқындау, қай кезеңнен бастау алатындығын дәлелдеу, оның поэтикалық құрылымы мен

өзіндік қырларын, көркемдік деңгейін саралау әдебиеттану үшін аса қажет. Осы тұрғыдан алғанда әлемдік әдебиеттанудағы роман мен эссенің ара қатынасы мәселесімен байланысты қарастыра отырып, роман-эссенің жеке жанр ретіндегі өзіндік ерекшелігін ашу, ұлттық әдебиетіміздегі даму сипатын зерделеу тақырыптың өзектілігін айғақтайды. Роман-эссенің қалыптасу және даму тарихын зерделеуге арналған бұл еңбекте осы жанрдың көркемдік мәтіндегі тұтастай көрінуін тек шығармашылық даралық шеңберде ғана емес, оқытудың мәдени-әдеби дәстүрде әрекет ететін құбылыс ретінде қарастырылады.

Зерттеу жұмысының ғылыми **жаңалығы**. Диссертациялық жұмыстың негізгі жаңалығы ретінде қазіргі әдебиеттану ғылымындағы роман-эссе жанрының алғаш рет кең көлемде жан-жақты қарастырылуын айтамыз. Ұлттық әдебиеттің даму деңгейі, көркемдік ізденістер мен жетістіктері мәселесін ғылыми бағытта саралай, бұл мәселеге жаңа жанр тұрғысынан келу күллі көркемдік тұтастықты танытуда үлкен маңызға ие. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларын зерделей отырып, роман-эссенің жанрлық ерекшелігін ашу үшін жасалған маңызды ғылыми тұжырымдар – жұмыстың басты жаңалығы. Түрлі тақырыптағы ироза мен поэзияның орнын таныту, әдеби жанрлардың арналы бір саласы роман-эссеге жүгіну арқылы талдау жасау барысында көз жеткізу – тың байламдар. Адамның өмір жолы, қат-қабат жан әлемі, ойлаи-сезінуі, күйініш-сүйініші, батыл болжамдар мен өткір ұсыныстары сияқты мәселелердің әдебиеттегі концептуалдық көрінісі, оның осы жанрмен тығыз байланысын нақты мысалдармен дәлелдеп көрсету де жұмыстың салмақты табысы болып табылады. Сонымен қатар зерттеу барысында роман-эссе жанрын оқытудың әдістемелік жүйесін саралау арқылы аталған жанрдың мән-мазмұны айқындалып, оны оқытудың даралық және дәстүрлі ұстанымдары ғылыми негізделді, ЖОО оқытудың мазмұндық-құрылымдық жүйесі жасалды, инновациялық әдіс-тәсілдердің тиімділігі тәжірибе арқылы көрсетілді.

Зерттеудің **теориялық және практикалық маңызы**. Ғылыми еңбекте бұрын арнайы зерттеу нысанына алынбаған роман-эссе жанры жан-жақты тереңдей зерделенеді. Бұл зерттеу ұлттық әдебиеттанудағы роман мен эссенің өзара байланысын ғылыми негіздейтін еңбектер қатарында маңызды. Зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері әдебиеттану, әдістеме, иедагогика ғылымдары теорияларын жетілдіруге, ЖОО роман-эссе жанрын тиімді оқытуда, оны студенттерге меңгертуде ықпал етеді. Диссертация материалдарын жоғарғы оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне қосымша оқу құралы ретінде, «Қазақ әдебиетінің поэтикасы», «Қазақ әдебиетінің даму үрдісі» арнаулы курстарын оқытуда иайдалануға болады.

2016 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық иедагогикалық университеті жанындағы 6D010000 – Білім беру (гуманитарлық ғылымдар) мамандықтары

бойынша PhD докторы дәрежесін қорғататын Диссертациялық кеңеске өтініш берген докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына ресми рецензенттер ретінде республикадағы білікті мамандар тағайындалды. Рецензенттерді іріктеу кезінде ғылыми жетекшілер мен рецензенттердің тәуелсіздік ұстанымы басшылыққа алынды.

Рецензенттердің пікірлері Ғылым комитеті тарапынан ұсынылған ережелер мен талаптарға сәйкес жазылуы қадағаланды. Пікірде қорғауға ұсынылып отырған ғылыми еңбектің теориялық және практикалық маңызы мен жаңашылдығы, нәтижелері дәйектеліп көрсетілуі талап етілді. Ізденушілік жұмыстар бойынша сарапшылардың тұжырымдары жеткілікті дәрежеде дәлелденуі, жұмыстың мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктердің сапалық деңгейінің дәлелді болуы ескертілді. Рецензенттер жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында өз ұсыныстарын беріп отырды. Есеп беріліп отырған кезеңде қорғалған диссертациялар бойынша жазылған ескертпелер мен көрсетілген жекелеген кемшіліктердің зерттеу еңбектерінің жалпы ғылыми-теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне нұқсан келтірмейтіні ашып көрсетілген. Рецензенттер тарапынан диссертацияларға теріс пікірлер берілген жоқ.

Есеп беріліп отырған кезеңде Томсон Рейтер, Scopus базаларына енетін шетелдік салалық басылымдарда мақалалары жарық көрмегендіктен, қорғауға шықпаған докторанттар болған жоқ.

Есеп беру кезеңінде докторанттардың жұмыстарының көбінде орфографиялық, пунктуациялық және стильдік қателер орын алғаны көрсетілген. Ізденушілерге бұл мәселеге жоғары жауапкершілікпен қарау ескертілді. Сондай-ақ, үш тілдегі аннотацияларды қазақ, орыс тілдерінен ағылшын тіліне аударғанда дұрыс, сауатты аударылмаған жағдайдарда қайта өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми кадрларды дайындау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұсыныстар:

1. Диссертациялық жұмыстарды қорғату үшін жіберіп отырған жоғары оқу орындарының басшылары, кафедра меңгерушілері мен ғылыми жетекшілерінің қорғауға жіберіліп отырған диссертациялық жұмыстардың сапасы мен дайындық деңгейлері үшін жауапкершіліктерін күшейту.

2. Қорғауға докторанттарын ұсынып отырған кафедрадағы ғылыми жетекшілеріне түлектерінің Томсон Рейтер, Scopus базаларына қатысты шетелдік басылымдарда мақалаларының өз уақытында жариялануын қадағалауды күшейту, қажет болған жағдайда докторанттарға ғылыми-методикалық көмек көрсетілуі тиіс.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
диссертациялар туралы мәліметтер

	Мамандық 6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті	Мамандық 6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті	Мамандық 6D011900 – Шет тілі: екі шет тілі.	Мамандық 6D011400 – Тарих
Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-
Соның ішінде диссертациялық кеңес тарапынан алынып тасталған	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірлерін алған диссертациялар	-	-	-	-
Қорғаудың нәтижесі бойынша оң шешім қабылдаған	7	3	-	2
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	2	-	-	2
Қорғаудың нәтижесі бойынша теріс шешім қабылдаған	-	-	-	-
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	-	-	-	-
Қорғалған	7	3	-	2

диссертациялардың жалпы саны				
Соның ішінде басқа оқу мекемелерінен	2	-	-	2

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Б.Ө.Сманов

Б.Ө.Сманов

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

П.Т.Әуесқұлы

П.Т.Әуесқұлы

23.01.2017



Thank you for trying Soda PDF